



Қазақстан Республикасының "Әскери мақсаттағы арнаулы жүктер мен өнімдерді тасымалдау туралы келісімді бекіту туралы" Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 ақпан N 85

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының "Әскери мақсаттағы арнаулы жүктер мен өнімдерді тасымалдау туралы келісімді бекіту туралы" Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына ұсынылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының
Заңы

Әскери мақсаттағы арнаулы жүктер мен өнімдерді
тасымалдау туралы келісімді бекіту туралы

1. 1995 жылғы 26 мамырда Минск қаласында жасалған Әскери мақсаттағы арнаулы жүктер мен өнімдерді тасымалдау туралы келісім бекітілсін.
2. Осы Заң қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Арнайы жүктер мен әскерм мақсаттағы
өнімдерді тасымалдау туралы
Келісім

Ресми түрде бекітілген мәтін

Баспасөзде басылуға жатпайды

Арнайы жүктерді және әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау туралы Келісім

Осы Келісімге қатысушы-мемлекеттер, бұдан былай Тараптар,

өздерінің арасындағы экономикалық байланыстарды дамытуда кәсіпорындардың (ұйымдардың) өндірістік және ғылыми-техникалық бірігуін сақтау мен жетілдіру қажеттігін мойындай отырып,

өздерінің арасында арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдауды жүзеге асыру, сондай-ақ оларды экспорт-импортқа жеткізіп тұру кезінде оларды өткін тасымалдау қажеттігін назарға ала отырып,

арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезінде қауіпсіздік талаптарын орындауды қамтамасыз ету және дене күшімен қорғау маңыздылығын ескере отырып,

жалпыға танымал халықаралық құқық нормаларын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шегінде қол жеткізілген уағдаластықтарды, сондай-ақ екі (көп) жақты келісімдерді басшылыққа ала отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

1 - б а п

Осы Келісімнің мақсаты үшін төмендегі терминдер мынадай ұғымды білдіреді: арнайы жүктер - қорғаныс және мемлекеттік мәні бар аса маңызды, өте құпия және құпия бұйымдар мен олардың құрамдас бөліктері; аса маңызды, өте құпия және құпия заттар мен материалдар, авария бола қалған жағдайда халық пен қоршаған ортаға жоғары қауіптілік тудыратын барлық ядролық заттар мен материалдарды қоса; аса көп мөлшердегі құндылықтар; Тараптар арнайы жүктердің осы санатына жатады деп белгілеген басқа да жүктер;

әскери мақсаттағы өнімдер - арнайы мүліктер (БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің және Атомдық энергия, қару-жарақ әскери техника мен мүлік жөніндегі Халықаралық агенттігінің қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі Ұсынымдарында көрсетілген қауіпті жүктер, оған қоса берілетін жинақтаушы

бұйымдар, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді қоса,) және Тараптар қорғаныс министрліктерінің, ішкі істерінің, шекара қызметтерінің, қауіпсіздік органдары мен өзге де мемлекеттік әскерилендірілген құрылымдарының әскери бөлімдері мен мекемелері жіберушілері немесе алушылары табылатын әскери жүктер;

арнайы жүктерді және әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау - екі немесе одан да көп мемлекеттер аумағы бойынша арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау және олардың аумағы бойынша өткін алып жүру;

қарауыл - арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді күзету мен қорғау жөніндегі міндеттерді орындаушы мемлекеттік органдардың қаруланған бөлімшесі;

маман - жүкті жөнелтуші (жүкті алушы) тағайындаған, алып жүретін арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдердің қасиетін білетін және жол жүру барысында авария бола қалған жағдайда іс-қимылдарға дайын лауазымды адам.

2 - б а п

Тараптар арнайы жүктерді және әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау өзара келісілген тәртібін қабылдауға дейінгі кезеңге Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде қол қойылған екі және көп жақты негіздегі келісімдер мен нормативтік құжаттарды, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Қорғаныс министрлері Кеңесінің Шешімімен бекітілген (1992 ж. 4 қараша) Әскери мемлекетаралық теміржол тасымалдарын жоспарлау жөніндегі Уақытша нұсқаулықты және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің әскери мемлекетаралық теміржол тасымалдарын ұйымдастыру жөніндегі Уақытша ережені басшылыққа алады, сондай-ақ бұрынғы Кеңестер Одағы аумағында қолданыста болған осындай жүктерді жоспарлау, орындау және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін, егер бұл тәртіп Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде қол қойылған нормативтік құжаттарға қайшы келмесе, с а қ т а й д ы .

3 - б а п

Арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау Тараптардың тиісті құзыретті органдарының тасымалды жоспарлау кезінде оларды алдын-ала келісуінен к е й і н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

4 - б а п

Тараптар арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдауды бірінше кезекте, оның құпиялылығын қамтамасыз ете отырып және ақпараттың жария болуын

жөкқа шығаратын тиісті шараларды қабылдай отырып жүзеге асырады.

Олардың орындалуына барлық көлік түрлерінде осы тасымалдарды басқару органдары тарапынан үнемі жедел бақылау жүргізілетін болады.

5 - б а п

Арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді барлық көлік түрлерінде тасымалдау өзара келісілген ережелерде көзделген жағдайларда, тасымалдау барлық маршрутында (жол барысында) жүкті жөнелтушінің (жүкті қабылдап алушының) мамандары бірге алып жүреді.

Арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді алып жүруші мамандар осы жүктермен болуы мүмкін авариялық жағдайлардағы іс-қимылға даяр болуы және оларды жүкті жөнелтуші жеке басын қорғауға қажетті аспаптармен, құрал-жабдықтармен, материалдармен және басқа да құралдармен жабдықтауы қажет.

Жеке басын қорғау құралдарымен, сондай-ақ осы жүктерді күзетуді жүзеге асыратын қарауылдың жеке құрамы қамтамасыз етіледі.

6 - б а п

Арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді барлық жол бағытында қаруланған қарауыл күзеті жүзеге асырады, ал жекелеген жағдайларда әскери мақсаттағы өнімдер жіберуші, тасымалдаушы мемлекеттердің өзара келісімі бойынша қарауылсыз тасымалдануы мүмкін.

Қарауылды бөлу және оны материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету осы арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдер тасымалдау қай Тараптың мүддесі үшін жүргізілетін болса сол Тараптың келісімі бойынша жүргізіледі.

Уақытша, шекараны өтудің келісілген орындарын техникалық, технологиялық, материалдық және тұрмыстық жағынан жабдықтауға дейін, арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді күзетуді тасымалдаудың бастапқы орнынан соңғы орнына дейін бір қарауыл жүзеге асырады. Радиоактивті материалдары күзетудің өзге тәртібі тиісті Тараптар арасындағы екі жақты (көп жақты) келісімдер негізінде белгіленуі мүмкін.

Жүкті жіберуші, тасымалдаушы және бағытталған орнына жеткізуші мемлекет арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді алып жүретін мамандарға және қарауыл жеке құрамына олардың алдына қойылған міндеттерді орындауын қамтамасыз ететін шараларды қабылдайды, қажет болғанда оларға байланыс құралдарын беруді және материалдық, тұрмыстық қамтамасыз етуді, медициналық және басқа да қызмет түрлерін сондай-ақ қарауыл мен олардың қаруын тұрақты орналасқан орнына бірінші кезекте жіберуді жүзуге асырады.

Жүктерді алып жүретін мамандар мен қарауылды қамтамасыз етуге байланысты

шығыстардың орнын оларды жіберген Тарап толтырады.

7 - б а п

Арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді алып жүретін қарауыл жеке құрамы мен мамандар өз елінің және келген мемлекеттің құқықтық қорғауында болады, өздерін жіберген мемлекеттің нормативтік актілеріне сәйкес өз қызметтерін орындайды.

Арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді алып жүретін қарауыл жеке құрамы мен мамандар жасаған қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша құқық бұзушылық жасалған орындағы мемлекеттің заңы қолданылады.

Қызмет міндеттерін орындауға байланысты құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша, сондай-ақ әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша материалдар құқық бұзушылық жасалған орындағы мемлекеттің құқық қорғау органдарының шешімі бойынша қарауылды немесе әскери мақсаттағы өнімді жіберген мемлекеттің құқық қорғау органдарына берілуі мүмкін.

Арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді алып жүретін қарауыл жеке құрамы мен мамандарға өздері келген мемлекеттің құзыретті органдарымен келісілген жағдайлардан басқа, өздері орналасқан вагоннан, купеден, каютадан және салоннан кетуге және келген мемлекет аумағында өз қызметін орындауға байланысты жағдайлардан басқа кідіруге рұқсат етілмейді.

Арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді алып жүретін қарауыл жеке құрамы мен мамандар өздері келген мемлекеттің егемендігін құрметтеуге, заңын сақтауға, оның ішкі істеріне араласпауға міндетті.

8 - б а п

Шекараны кесіп өткен кездегі шекаралық, кедендік және өзге де мемлекеттік бақылау түрлерін, сондай-ақ арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдердің, оларды алып жүретін қарауылдар мен мамандардың рұқсатнамасын ресімдеуді, егер осы Келісімге қатысушы шектес мемлекеттердің жекелеген екі жақты немесе көп жақты келісімдерінде өзгеше көрсетілмесе, Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес басымдылық тәртіппен Тараптардың шекара, кеден және өзге де мемлекеттік органдары жүргізеді.

Тараптардың құзыретті органдары арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді өз аумақтары арқылы өткізу тәртібі туралы бір-бірін дер кезінде хабардар етеді.

9 - б а п

Төтенше оқиғалар туындаған, оның ішінде арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезінде авария болған жағдайда, Тараптар 1993 жылғы 22 қаңтардағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру және олардың зардаптарын жою саласындағы өзара іс-әрекет туралы Келісімге және/немесе төтенше жағдайлардан сақтандыру және оларды жою саласындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы басқа да екі жақты (көп жақты) келісімдерге сәйкес апат зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру үшін зардап шеккен Тарапқа қажет болған жағдайда тиісті ақпарат, күштер мен құралдарды тез арада бере отырып, олардың зардаптарын дер кезінде жою және оқиға себептерін тексеру үшін тиісті шалалар қолданады.

Тараптар төтенше жағдайлардан, оның ішінде авариядан зардап шеккен тарапқа аумағында апат болған мемлекет заңдарына сәйкес залалды өтеуге кепіл береді.

1 0 - б а п

Арнайы жүткер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау кезінде туындауы мүмкін барлық даулы мәселелер Тараптардың құзыретті органдарының тиісті деңгейде келіссөздер және консультациялар жүргізу жолымен, егер Тараптардың екі жақты немесе көп жақты келісімдерінде басқа жағдай

көзделмесе, шешуге жатады.

Тараптар арасында қажет болған жағдайда, осы Келісімді орындау мәселелері жөнінде консультациялар жүргізіледі.

11-бап

Осы Келісім бойынша барлық міндеттерді толық көлемде орындауға дайын мүдделі мемлекеттерді кірістіру үшін осы Келісім жасалды.

12-бап

Осы Келісімді орындау кезінде жұмыс тілі болып орыс тілі табылады.

13-бап

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап уақытша пайдаланылады және оған қол қойған Тараптар оның күшіне енуіне қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды

орындағандығы жөнінде үшінші мәлімдеменің депозитарийін сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Секретариаты осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

Келісім күшіне енген Тараптар, осы Келісімге қол қойылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін Келісім уақытша қолданылатын Тараптардың Келісімге қатысуы жөнінде шешім қабылдай алады.

Келісім 5 жыл мерзімге жасалған және егер Тараптар өзге шешім

қабылдамасы, оның қолданысы келесі бес жылдық мерзімге өзінен-өзі ұзартылады.

Әрбір Тарап өзінің Келісімге қатысуын тоқтатуына болады, тек бұл жөнінде 12 ай бұрын депозитарийді жазбаша түрде хабардар етуі керек.

Минск қаласында 1995 жылғы 26 мамырда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталуда.

Әзірбайжан Республикасы үшін	Молдава Республикасы үшін
Армения Республикасы үшін	Ресей Федерациясы үшін
Беларусь Республикасы үшін	Тәжікстан Республикасы үшін
Грузия Республикасы үшін	Түркменстан үшін
Қазақстан Республикасы үшін	Өзбекстан Республикасы үшін
Қырғыз Республикасы үшін	Украина үшін

Минск - 26.05.95

1995 жылғы 26 мамырдағы

Арнайы жүктер мен әскери
мақсаттағы өнімдерді тасы-
малдау жөніндегі Келісімге
Қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау
жөніндегі құзыретті органдарының
Тізбесі

Әзірбайжан Республикасы

1. Қорғаныс министрлігі, 370073, Баку қ. Азизбеков даңғылы, 3,
тел. 92-92-50, 38-93-33.**
2. Ұлттық қауіпсіздік министрлігі, 370602, Баку қ. Азизбеков даңғылы,
2, тел. 93-18-00.*
3. Мемлекеттік Арнайы машина жасау және конверсиялау комитеті,
370141, Баку қ., Ф.Агаев көшесі, 37, тел. 39-40-30, 39-23-07.*
4. Әзірбайжан Темір жол басқармасы, 370010, Баку қ., Д.Алиев көшесі,
230, тел. 98-44-67.*
5. Каспий теңіз кеме қатынасы басқармасы, 370005, Баку қ., М.Расул-
заде, 5, тел. 93-20-58.***
6. "Әзірбайжан Хава Йоллары" Мемлекеттік концерні, 370010, Баку қ.,
Азадлы даңғылы, 11, тел. 93-44-34.***
7. "Азеравтонегилят" Мемлекеттік концерні, 370122, Баку қ.,
Тбилисский даңғылы, 1054 квартал, тел. 38-50-00, 31-91-11.***

Армения Республикасы

1. Армения Республикасының Үкіметі жанындағы "Армгосатомнадзор"
басқармасы. 375010, Ереван қ., тигран Меци көшесі, 4, тел. 56-21-34.*
2. Армения Республикасының Жылу және энергетика министрлігі, 375010, Ереван қ.
Республика алаңы, Үкімет үйі, 2, тел. 52-63-65, факс 52-63-65.
3. Армения Республикасының Қорғаныс министрлігі, 375088, Ереван қ., Чауша
көшесі, 60, тел. 55-60-70.**
4. Армения Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, 375010, Ереван қ., 375010,
Республика алаңы, Үкімет үйі, тел. 52-18-77.**
5. Армения Республикасының Үкіметі жанындағы Азаматтық авиация Бас
басқармасы, 375042, Ереван қ., "Звартноц" әуе-жайы, тел. 28-00-30,
77-20-30.***
6. Армения Республикасының Көлік және жол қатынасы министрлігі,

375015, Ереван қ., Забян көшесі, 10, тел. 56-33-91, факс 56-05-28.

7. Армения Республикасы Мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік басқармасының мемлекеттік шекара күзеті Бас басқармасы, Ереван қ., Шаумян қиылысы, 50/50 ә/б, тел. 52-75-92.***

9. Армения Республикасының Экономика министрлігі, 375010, Ереван қ., Республика алаңы, Үкімет үйі, тел. 52-34-72.***

Беларусь Республикасы

1. Беларусь Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, 220030, Минск қ., Ленин көшесі, 17, тел. 68-74-07, факс 27-19-81. ***

2. Беларусь Республикасының Қорғаныс министрлігі, 220003, Минск қ., Коммунистический көшесі, 1, тел. 39-21-06, 39-25-58, факс 76-89-74.**

3. Беларусь Республикасының Төтенше жағдайлар және Чернобыль АЭС-дағы апат зардаптарынан тұрғындарды қорғау жөніндегі министрлігі, 220030, Минск қ., Ленин көшесі, 14, тел. 76-85-96, факс 29-34-39.**

4. Беларусь Республикасының Ішкі істер министрлігі, 220615, Минск қ., Гордской вал көшесі, 4, тел. 29-78-08, факс 23-99-18.***

5. Беларусь Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, 220033, Минск қ., Партизан даңғылы, 2, 4 корп., 4, тел. 76-89-4-25, факс 24-87-84.***

6. Беларусь Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті, 220023, Минск қ., Ф. Скорины даңғылы, 17, тел. 29-94-01, факс 26-00-38.***

7. Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті, 220029, Минск қ., Коммунистический көшесі, 11, тел. 34-03-73, факс 34-68-93.**

8. Беларусь Республикасының Шекара әскерлері Бас басқармасы, 220050, Минск қ., Володарский көшесі, 24, тел. 29-98-13, 27-42-93, факс 27-70-73.***

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, 480035, Алматы қ., Жандосов көшесі, 53, тел. 21-47-35.**

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Бас штабының Әскери қатынастар қызметі, 480035, Алматы қ., Жандосов көшесі, 53, тел. 53-09-33.**

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, 480091, Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 95, тел. 62-84-57.***

4. Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлер Қолбасшысының бас басқармасы, 480045, Алматы қ., Амангелді көшесі, 15, тел. 69-86-01.***

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, 480091, Алматы қ., Наурызбай батыр көшесі, 108, тел. 69-35-28.***

6. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі Агенттігі,
480091, Алматы қ., Республика алаңы, 13, тел. 63-48-85.*

7. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті, 480012, Алматы қ., Сейфуллин пр. 555, тел. 63-02-94.***

8. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі, 480004, Алматы қ., Фурманов көшесі, 50, тел. 33-05-53.***

9. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, 480003, Алматы қ., Гоголь көшесі, 111, тел. 62-06-03.***

10. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы қорғаныс өнеркәсібі комитеті, 480016, Алматы қ., Пушкин көшесі, 2 тел. 32-33-16.**

11. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, 480004, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 63, тел. 33-46-11.*

12. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, 480091, Алматы қ., Панфилов көшесі, 106, тел. 63-12-73.*

13. Алматы темір жолы, 480091, Алматы қ., Фурманов көшесі, 127, тел. 60-44-00.***

14. Батыс Қазақстан темір жолы, 463001, Ақтөбе қ., Привокзальная алаңы, 22, 26-44-06.***

15. Тың темір жолы, 473000, Ақмола қ., Ленин көшесі, 49 тел. 2-41-13.***

16. "Қазақстан Әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиаккомпаниясы, 480004, Алматы қ., Желтоқсан көшесі, 59, тел. 33-63-49.***

Қырғыз Республикасы

1. Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі, 720001, Бішкек, Логвиненко көшесі, 26, тел. 26-89-81, факс 22-86-48.**

2. Қырғыз Темір жол басқармасы, 720009, Бішкек қ., Л. Толстой көшесі, 83, тел. 24-52-60, факс 24-56-11.***

3. Қырғыз Республикасының Көлік министрлігі, 720079, Бішкек қ., Н.Исанов көшесі, 42 тел. 21-36-78, факс 21-36-66.***

Молдова Республикасы

1. Арнайы мақсаттағы өнімдерді импорттау мен экспорттауды реттестіру жөніндегі мемлекеттік комиссия, 277033, Кишинев қ., Марий, Адунэрь Национале алаңы, 1, Молдова Республикасының Үкіметі, тел. 23-42-65, факс 24-26-96.*

2. Молдова Республикасының Қорғаныс министрлігі, 277048, Кишинев қ., Хынчешть шоссесі, 84, тел. 22-51-61, 53-18-88.**

3. Көлік және жол шаруашылық министрлігі, 277004, Кишинев қ., Букурией көшесі, 12а, тел. 62-07-50, факс 62-48-75.*

Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы

1. Ресей Федерациясының Атом энергиясы жөніндегі министрлігі, 101000, Мәскеу қ., Б.Ордынка көшесі, 24/26, тел. 411888 МЕЗОН, факс 233-46-79.*

2. Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі, 103160, Мәскеу қ., Знаменка көшесі, 19, тел. 293-89-79, факс 293-66-47.*

3. Ресей Федерациясының өнеркәсіптік қорғаныс салалары жөніндегі Мемлекеттік комитеті, 125889, Мәскеу қ., ГСП, Миусская алаңы, 3, факс 250-07-58.**

4. "Росвооружение" қару-жарағы мен әскери техникасын экспорттау және импорттау жөніндегі мемлекеттік компания, 119865, Мәскеу қ., Гоголевский бульварі, 21, телекс 411954, факс 230-23-91.**

5. Ресей Федерациясының жол қатынастары министрлігі, 107174, Мәскеу қ., Ново-басманная көшесі, 2, факс 262-90-95.***

6. Ресей Федерациясының Көлік министрлігі, 101436, Мәскеу қ., Садово-

Самотечная көшесі, 10, факс 200-14-79, телетайп 111779.***

7. Ресей Федерациясының федеральды шекара қызметі, 101000, Мәскеу қ., Лубянка көшесі, 1 факс 224-81-95.***

Тәжікстан Республикасы

1. Қорғаныс министрлігі, 734002, Душанбе қ., Бахтар көшесі, 59, тел. 24-33-33.**

2. Қауіпсіздік министрлігі, 734005, Душанбе қ., Дзержинский көшесі, 8, тел. 24-23-12.***

3. Ішкі істер министрлігі, 734025, Душанбе қ., Дзержинский көшесі, 29, 22-83-44.***

4. Тәжік темір жолы, 746104, Душанбе қ., тел. 27-37-90, 27-73-06.***

Түркменстан

1. Қорғаныс министрлігі, 744000, Ашгабат қ., Нұрберді Помма көшесі, 15, тел. 29-37-39, 24-49-79, факс 29-77-45.**

Мемлекеттік темір жолы, 744007, Ашгабат қ., Сапармұрат Түрікменбашы шаелы, 7, тел. 29-25-61, факс 47-39-58.***

Ұлттық азаматтық авиация басқармасы, 744008, Ашгабат қ., Әуе-жайы, тел.29-08-37, 25-57-02, факс 25-44-02.***

Ішкі істер министрлігі, 744000, Ашгабат қ., Магтымгулы даңғылы, 85, тел. 35-59-23, 29-19-44, факс 35-59-23.***

Автомобиль көлігі министрлігі, 744000, Ашгабат қ., Котовский көшесі, 2,тел. 47-03-91, факс 47-40-31.***

Түркмен теңіз кеме қатынасы, 745000, Түркменбашы қ., Шагадам көшесі, 8,тел. 76-785, -7-734.***

Өзбекстан Республикасы

1. Өзбекстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, 700000, Ташкент қ., Академик х.Абдуллаев көшесі, 100.**

2. Орта Азия темір жол басқармасы, 700060, Ташкент қ., Т.Шевченко көшесі, 7, телекс 116418, факс 324407.***

3. Өзбекстан Республикасының Өнеркәсіп және тауды қадағалау жұмыстарының қауіпсіз жүргізілуіне бақылау жасау жөніндегі Мемлекеттік комитеті, 700011, Ташкент қ., квартал д-14, 27 үй, тел. 44212.*

У к р а и н а

1. Украина ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік комитеті, 254053, Киев-53 қ., Обсерваторная көшесі, 11/1, тел. 212-10-94.*

2. Украина темір жолы мемлекеттік әкімшілігі, 252601, Киев-601 қ., Лысенко көшесі, 6, тел. 223-57-32.***

3. Украина Министрлер Кабинеті жанындағы сараптау-техникалық комитеті, 251008, Киев-8 қ., Грушевский көшесі, 12/2, тел. 293-69-51, факс 293-92-82.**

4. Украина Ішкі істер министрлігі, 252024, Киев-24 қ., Богомолец көшесі, 10, тел. 226-32-82.*

5. Украина Қорғаныс министрлігі, 252168, Киев-168 қ., Воздухофлотский даңғылы, 6, тел. 274-70-10.**

6. Украина машина жасау, әскери-өнеркәсіп кешені және конверсиялау

министрлігі, 252034, Киев қ., Пушкинская көшесі, 6, тел. 226-31-87.**

7. Украина мемлекеттік авиация департаменті, 252135, Киев-135 қ.,
Победа даңғылы, 14, тел. 226-31-63, факс 216-82-35.***

8. Украина Көлік министрлігі, 252150, Киев-150 қ., Горький көшесі,
51, тел. 233-44-15, факс 226-31-45.***

9. Украина Мемлекеттік кеден комитеті, 252055, Киев-55 қ.,
Политехнический қиылысы, 4-а, тел. 446-92-41.***

10. Украина Мемлекеттік шекара күзеті мәселелері жөніндегі
мемлекеттік комитеті, 252003, Киев-3 қ., Владимирская көшесі, 26, тел.
212-88-05.***

* Арнайы жүктерді тасу жөніндегі, оның ішінде ядролық материалдарды,
радиоактивті заттарды және солардан жасалған өнімдерді тасымалдау кезінде
ядролық және радиоиалық қауіпсіздік мәселелері бойынша.

** Әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау бойынша.

*** Арнайы жүктер мен әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау
мәселелері бойынша.

Оқығандар:

Орынбекова Д.

Қобдалиева Н.